



030011, Ақтөбе қаласы, Ясный 2, 99 «А» үй
тел: 45-81-40; e-mail: Sch-41@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 65

« 20 » 04 2023 жыл

030011, город Актобе, Ясное 2. дом 99 «А»
тел: 45-81-40; email: Sch-41@mail.ru

ПРИКАЗ № _____

« _____ » _____ 2023 год

**«2022-2023 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
10.04.2023 жылғы №88 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының
2023 жылғы 18 сәуірдегі №173 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімі
20.04.2023ж №129 бұйрығына сәйкес 9 және 11 сынып білім алушыларын
2022- 2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

17 Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1.1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан
орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда
аяқталсын.

2. 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары
2023 жылғы 2-13 маусым, мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19
маусым аралығында өткізілсін.

3. 9 сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай
мерзімдерде тапсырсын:

1) Қазақ тілі мен әдебиетінен эссе нысанында жазбаша емтихан -2023 жылғы
2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан(бақылау жұмысы) -2023
жылғы 6 маусым;

3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін
бойынша тасырмаларды орындау) -2023 жылғы 4 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, география, Қазақстан
тарихы)-2023 жылғы 13 маусым.

4. 11 сынып білім алушылары мемлекеттік емтихандарды мынадай мерзімде
тапсырсын:

1) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 5 маусым;

- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2023 жылғы 8 маусым;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -2023 жылғы 12 маусым;
- 4) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2023 жылғы 15 маусым
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, география, дүниежүзі тарихы,)
5. 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатындағы ұйымдастыру іс-шаралары ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.
6. Білім беру ұйымында ағымдағы жылғы 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 20-22 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шаралары кезінде білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қатаң бақылауға алынсын.
7. Білім беру ұйымында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.
8. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, қорытынды бағалардың уақытылы қойылу қадағалансын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақжанова Г.С жүктелсін.

Мектеп-гимназия директоры



Абдығалиева Г.Б